

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының "Жансая"
облыстық балалар оңалту орталығы" шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі
жиналыстың

ХАТТАМАСЫ 5

Кентау қаласы

Өткізілген күні: 30.09.2023ж

Қатысқандар: Жеке құрам қызметкерлері.

Күн тәртібінде:

- 1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстардың орындалу барысы туралы.**

Тыңдалды: Сөзді орталықтың басшысының орынбасары М.Байжұматова алып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық нәтижелері бойынша талдамалық анықтамада көрсетілген кемшіліктерді жою бойынша орындалып жатқан жұмыстар барысына тоқталды.

Орталықтағы бос орындарға орналасу кезінде кадрларды іріктеу үшін арнайы комиссия құрылды, іріктеу комиссияның хаттамасымен таныстыру және рәсімдеуді мамандар бөлімінің инспекторы Г.Балабиеваға жүктелді.

Мемлекеттік сатып алу саласында қызмет атқаратын қызметкерге алдағы уақытта мемлекеттік сатып алулар бойынша дәлелді құжаттарсыз мемлекеттік сатып алу заңының 39 бабына сәйкес мемлекеттік сатып алулардың жасалмайтындығы түсіндірілді. Мемлекеттік сатып алу жоспарын жасау барысында заңның талаптарына мұқият талдау, саралау жасай отырып жоспарларды бекітуді ұсынылды.

Содан соң комплаенс офицеры сөзді алып, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес төмендегіні баяндады:

26. Талдамалық анықтамаға қол қойылған күннен бастап бір жыл ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша

енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпаратты дайындау жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою мониторингі осы Үлгілік қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша енгізілген ұсынымдардың орындалуы туралы ақпарат 6 айда кемінде бір рет құпиялылық режимін қамтамасыз етуді, қызметтік, коммерциялық немесе Қазақстан Республикасының заңымен қорғалатын өзге де құпияны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын ескере отырып, мемлекеттік органның, ұйымның, квазимемлекеттік сектор субъектісінің интернет-ресурсында орналастырылады.

27. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша шығарылған ұсынымдарды орындау кезінде жобалық басқару тәсілдері қолданылуы мүмкін.

Жиналыс соңында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне байланысты бірқатар сұрақтар бойынша талқылау жүргізілді, сауалдардар жолданды, ұсыныстар енгізілді.


Қаулы етілді: Ұйымдастырушы ретінде аталған сатып алуды Заңның 1-тармағының 41-бабына және 4-бапқа сәйкес бәсекелестік ортада жүргізуге міндеттеледі. Аталған жұмыстарды қадағалауды орталықтың бас есепшісі А.Доркуловаға тапсырылды.

Мемлекеттік сатып алу есепшісіне заңның талаптарын сақтап, жұмыстарды мұқият атқару ұсынылды.

Кадр қызметкеріне барлық персоналдың лауазымдық нұсқаулықтары, функционалдық міндеттерін мұқият қарап, талдай келе, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету бойынша саралау жұмыстарын атқару тапсырылды.

Жиналыстың төрайымы

Хатшы



М.Байжұматова

Қ.Уытов